

**«Әкімшілік құқық»
пәнінен емтихан сұрақтары**

Бітірушілер негізгі мына сұрақтарды білуі тиіс:

1. Әкімшілік құқық түсінігі және пәні.
2. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері.
3. Әкімшілік құқықтың жүйесі және оның әдістері.
4. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түсінігі және ерекшеліктері
5. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері.
6. Әкімшілік-құқықтық нормалардың түсінігін түсіндір және олардың түрлері.
7. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың субъектілері.
8. Атқарушы билік органдарының жүйесі.
9. Атқарушы билік органдарына қатысты Президенттің өкілеттіктері.
10. ҚР-ның Үкіметінің құқықтық мәртебесі.
11. ҚР-ның Үкіметінің құрылымы мен өкілеттігі.
12. Атқарушы билік органдарына қатысты Үкіметтің өкілеттіктері.
13. ҚР-ның Үкіметі мен Парламентінің арақатынасы.
14. ҚР-ның Үкіметі туралы ҚР-ның заңнамасы.
15. Орталық атқарушы билік органдарының жүйесі.
16. ҚР-ның министрліктерінің құқықтық мәртебесі.
17. Агенттіктердің құқықтық мәртебесі.
18. ҚР-ның Президентіне бағынатын орталық атқарушы билік органдарының құқықтық мәртебесі.
19. Әкімнің құқықтық мәртебесі.
20. Әкім және ҚР-ның жергілікті өкілді билік органдарының арақатынасы.

Бітірушілер негізгі мына сұрақтарды игеруі тиіс:

21. ҚР-ның Президентінің жер-жердегі өкілі ретіндегі Әкім өкілеттігін атап көрсет.
22. Орталық атқарушы билік органдарының актілерін талдап көрсет.
23. ҚР-ның Президентінің әкімшілік-құқықтық мәртебесін түсіндір.
24. Парламенттің Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруіне негіз болатын мәселелерді атап көрсет.
25. ҚР-ның Үкіметінің құрылымы, Үкімет мүшесінің құқықтық мәртебесін атап көрсет.
26. Қазақстан Республикасының азаматтарының әкімшілік-құқықтық мәртебесін анықтап көрсет.
27. Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдарының әкімшілік-құқықтық мәртебесін түсіндіріп анықта.
28. Заңды тұлғалардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін атап көрсет.
29. ҚР-да мемлекеттік қызметтің құқықтық реттелуін түсіндір.
30. Мемлекеттік қызметтің түсінігі және түрлерін анықтап көрсет.
31. Мемлекеттік қызметкерлердің түсінігі және түрлерін анықта.

32. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі ашып түсіндір.
33. Бос әкімшілік лауазымдарға жұмысқа тұрудың тәртібін ашып түсіндір.
34. Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерің аттестациядан өту тәртібін анықтап көрсет.
35. Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерді жауаптылыққа тарту тәртібін ашып түсіндір.
36. Мемлекеттік басқару әдістерінің түсінігі және түрлерін ашып анықта.
37. Әкімшілік мәжбүрлеу және оның түрлерін айқындап көрсет
38. Алкоголизм, наркомания және токсикоманиені күштеп емдеудің құқықтық реттелуін ашып түсіндір.
39. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындарды күштеп емдеудің құқықтық реттелуі қандай екенін көрсет.
40. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға әкімшілік бақылау қалай болатынын анықтап көрсет.

Бітірушілер негізгі мына сұрақтарға машықтануы тиіс:

1. АҚ өзінің шаруашылығын жүзеге асыру мақсатында қаланың орталығынан бес қабатты ғимаратты сатып алады. Сатып алынған ғимаратты жөндеу кезінде АҚ басшысы ешқандай да өрт қауіпсіздігіне байланысты ережелерді сақтамайды. Яғни жұмыссыздардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ешқандай жағдайлар жасамайды. АҚ өзінің қызметін жүзеге асырғаннан бастап жарты жыл өткен кезде, ғимаратта тоқ сымдарының ақауынан өрт басталады. Өрттің пайда болғанынан қорғалмаған қызметкерлердің кейбіреуінің денсаулығына зиян келтіріледі. Осы жағдайда АҚ басшысын әкімшілік жауапкершілікке тартуға болады ма? Шешімін тап?
2. Бес қабатты тұрғын үйдің төртінші қабатында қырық жасар азаматша Сейсенова тұрады. Ал азаматша Сейсенованың көршісі Алиева өзінің екі бөлмелі үйде жолдастарымен тұрады. Дүйсенбі күні сағат кешкі 23 аса бергенде жұмыстан үйіне оралып келе жатқан азаматша Сейсенова Алиеваның үйіне қонақ келгенін көреді де, көршісін қатты шуламауларын өтінеді. Себебі, уақыттың кеш екенін және өзінің қатты шаршағандығын айтады. Біраз уақыт өткеннен кейін Сейсенова қатты шу естиді. Ол шу Алиеваның пәтерінен шыққанын байқайды. Сейсенованың тыныштықты сақтауға байланысты көршісіне кінә таға ала ма? Әкімшілік кодекс бойынша қандай шешім шығаруға болатынын көрсет?
3. Алматы-Ақтау маршрутында жүк тасымалдайтын темір жол көлігі шықты. Темір жол жүрісін бастаған кезде оның құрамында тек қана жүктер болды. Бірақ маршруттағы станциялардың бірінде техникалық тексеруді өту үшін тоқтаған кезде вагонға жолаушылар мініп алады.

Осы жағдайда жолаушыларды жауаптылыққа тартуға болады ма? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?

4. Рейдтік тексеріс жүргізілген кезде сәйкес лицензиясыз және басқа да бірге жүретін құжаттарсыз Қырғызстан азаматтары ұсталды. Жұмыс беруші болып Ахметов Н.Б. деген азамат табылады. Құқық бұзушылықтардың құрамдарын анықтаңыз және мәселені шешіңіз?
5. Рейд жүргізілген кезде институттың 2-курс студенті Семенов Н. ұсталды, ол осы институттың қақпасының қабырғаларына әдепсіз сөздер жазып тастаған. Семенов Н. кәмелетке толмаған – 17 жаста. Құқық бұзушылықтың құрамын, ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды анықтаңыз және мәселені шешіңіз?
6. Азамат Иманғалиев туған күн кешінен шығып, автомобильді мас күйінде жүргізеді. Сонымен қатар, жанындағы уытқұмарлық масаңдық күйінде болған досы азамат Естаевті да автомобильді жүргізуге мәжбүрлейді. Яғни, жүргізушінің алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлық масаю күйінде көлік құралын басқаруы, не көлік құралын басқаруды алкогольмен, уытқымен масаю күйіндегі адамға беруі әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады ма? Егер табылса, ол үшін қандай әкімшілік жауаптылық көзделуі мүмкін? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?
7. Азамат Артықбаев пен азаматша Имашева некеге тұрмақ болып, азаматтық хал актілерін жазу органдарына өтініш береді. Бірақ, азамат Артықбаев некеге отыруға кедергі болатын мән-жайларды жасырмақ мақсатымен, өзінің бұрын некеге отырғанын және әлі де ажыраспағанын жасырып, азаматтық хал актілерін жазу органдарына жалған мәліметтер береді. Азамат Артықбаевтың азаматтық хал актілерін жазу ережелерін бұзған әрекеті үшін қандай әкімшілік жауаптылық көзделеді және бұл істі қай уәкілетті орган қарайды? Мәселені Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?
8. Азамат Исаев жұмыстан жалтару мақсатымен өзінің таныс дәрігері Құланбаеваға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы жалған анықтама жазып беруін өтінеді. Құланбаева келісіп, оның айтқанын орындайды. Осы әрекеттері үшін, яғни, медицина қызметкерінің еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру тәртібін бұзғаны үшін Исаев пен Құланбаеваға қандай әкімшілік жауаптылық көзделуі мүмкін? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?
9. Тексеру кезінде тұлғалардың ұйымдастырылған тобы ұсталды, олардың жалпы сомасы 58 000 теңгені құрайтын контрафактілі өнім алынды. Ұсталғандар: Ибрагимов Г.А. 28жаста, Асембаев Г.К. 19 жаста, және Кузьмин К. 15жаста. Құқық бұзушылықтың құрамын

ауырлататын мән жайларды анықтаңыз. Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?

10. Сайлау өтетін күні азамат Тулеков А.К. ұсталды -56 жаста, дауыс беру жүргізілген мектептің карауылшысы. Ұстауға негіз, бұл –А.К. Тулековтың кандидаттардың біріне агитация жүргізгені, онымен қоса басқа кандидаттарға қатысты әдепсіз сөз сөйлеп, ақпарат парақтары мен таратылатын материалдарды таратуы болды. Құқық бұзушылықтың құрамын ауырлататын мән жайларды анықтаңыз. Әкімшілік кодекс бойынша мәселені шешіңіз?
11. Жеке тұлға болып табылатын азамат А.Т.Исаев салық органына барып салық есебіне тіркелу үшін келді. Бұл үшін заңда көрсетілген мерзімде тіркеу есебіне қою туралы өтініш беруі қажет болды. Бірақ кездейсоқ жағдайларға байланысты заңда көрсетілген өтініш беру мерзімін екі күн кешіктірді, яғни ол заңда көрсетілген мерзімді бұзды. Исаевтың әрекеті әкімшілік жауапкершілікке тартуға жата ма? Егер Исаев ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға болса немесе лауазымды адам болса іс қалай шешіледі? Мәселені шешіңіз?
12. Шетелдік заңды тұлға болып табылатын «WEST» компаниясы ҚРның Әділет министрлігінде тіркелген өз қызметін жүзеге асырып отырған саяси партияны қаржыландырғаны мәлім болды. Соған сәйкес заңсыз қайырымдылықтар тәркіленді. Осы жағдай бойынша лауазымды адамдар және шетелдік заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартыла ма? Жауапкершілікке тартылу ерекшеліктері қандай? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?
13. Азамат Адайбаев Д.Н. 2009 жылы 12 ақпан күні жеке басын куәландыратын куәлігін жоғалтып алды. Бірақ ол куәлігін жоғалтқан мерзімнен соң төрт ай мерзім өтсе де куәлігін қалпына келтірмеді. Оның осы уақытқа дейін куәліксіз тұрғылықты жерінде тұрғаны анықталды. Адайбаевтың әрекеті әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жата ма? Мәселені құқықтық тұғыдан шешіңіз?
14. Кәмелетке толмаған Асылбаев.А(17 жаста) темекіні және темекі бұйымдарын сату барысында ұсталды. Тексеру барысында айыпты тұлғаның бұл әрекетті 1 жыл ішінде екінші рет жасалғаны және бұрын әкімшілік жаза қолданылғаны анықталды. Асылбаевқа қандай мөлшерде айыппұл салынады? Егер бұл әрекетті лауазымды адамдар, кәсіпкерлер жасаса айыппұл мөлшері өзгере ме? Мәселені шешіңіз?
15. Тауарларды құжатсыз сатқандығы үшін кәсіпкерлерге әкімшілік жаза қолданылуы туралы шешім шығарылған. Жаза орындаларға дейін әкімшілік жаза қолданылуы тиіс заңның күші жойылғандығы белгілі

болды. Айыпты тұлғалар әкімшілік жауаптылықтан босатыла ма? Егер босатылатын жағдайда, әкімшілік жауаптылықтан босатылудың басқа да негіздерін көрсетіп, мәселені шешіңіз?

16. С. Дауылбаевқа өзінің жасамаған әрекеті үшін заңсыз әкімшілік жауаптылық белгіленеді. Ал бұл туралы мәліметтер баспасөзде жарияланып, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылып кетеді және бұл тұлғаға моральдық зиян келеді. Осы адам өз құқықтарын қалпына келтіру үшін қандай әрекеттерді жасауды талап ете алады? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?
17. ҚР азаматтары кез-келген мемлекеттік органға баруға ж/е өздерін қызықтыратын ақпаратты талап етуге құқылы. Азаматтардың сұраныстары 30 күн ішінде, қосымша тексерістер мен тіркеулер талап етпейтін үндеулер 15 күн ішінде қаралуы тиіс. Үндеулерге жауаптар тек қана жазбаша нысанда берілуі тиіс. Жауаптар соттық ж/е азаматтық тәртіпте қайта қаралуға жатады. Берілген құқықтық нормаға сипаттама беріңіз, оның құрылымын анықтаңыз. Әкімшілік кодекс бойынша мәселені шешіңіз?
18. Шетел азаматтары ж/е азаматтығы жоқ тұлғалар ҚР заңнамасын сақтауға, ҚР Конституциясын құрметтеуге ж/е сақтауға, ұлттық ескерткіштерді ж/е басқа да мәдениет объектілерін сақтауға Республика аумағында тұратын ұлттардың ұлттық салт-дәстүрін құрметтеуге Қазақстаннан тысқары тұрудың ж/е шығудың ережелерін сақтауға міндетті. Берілген құқықтық нормаға сипаттама беріңіз, оның құрылымын анықтаңыз?
19. Азаматша Жаппасова ұсақ түйек заттарды күн көріс көзіне айналдыру мақсатында көшенің бойында сата бастайды. Бұны көрген құқық қорғау органының қызметкерлері ескертеді. Бұған Жаппасова қызметкерлерге қарсылық көрсетеді. Және дереу орнынан кетпейді. Жаппасованың әрекеті дұрыс па? Ол әкімшілік жауаптылықта қалай көзделген? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?
20. Азамат Ерханов өз құралдарымен қызыл кітапқа енген, яғни ерекше қорғаудағы заңдарды атады. Ерхановтың әрекеті құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне белгілі болады. Ерханов қандай жауаптылыққа тартылады және ол Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексында қалай көрсетілген? Әкімшілік кодекс бойынша шешіңіз?

